

Атырау облысының кейбір мемлекеттік білім беру мекемелерін қайта атау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 5 қарашадағы № 662 қаулысы

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 4-1) тармақшасына және «Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мынадай мемлекеттік білім беру мекемелері:

1) Атырау облысы «Индер ауданы Кулагин орта мектебі» мемлекеттік мекемесі – «Қалам Есқалиев атындағы орта мектебі» мемлекеттік мекемесі;

2) Атырау облысы Құрманғазы ауданы «Ганюшкин мектеп-интернаты» мемлекеттік мекемесі – «Зейнолла Серікқалиұлы атындағы мектеп-интернаты» мемлекеттік мекемесі болып қайта аталсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі Б.Сағынтаев